

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН!

Республика күніне арналған мерекелік іс-шара өтті.

Қазақстан – бұл тәуелсіздіктің, еркіндіктің символы. 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларация халқымыздың тарихи маңызды қадамы болды. Сол күннен бастап, біз өз мемлекетіміздің күшеюіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының артуына үлес қосып келеміз.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Ветеринария және Зооинженерия» факультетінде «Зооинженерия және биотехнология» кафедрасы ұжымы мерекелік іс-шара ұйымдастырды.

Іс-шара 8D08201-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасының 2 курс доктаранттарының қатысуымен өткізілді.

Мерекелік іс-шараның мақсаты:

Студенттерді өз Отанын және жерін сүйуге, Қазақстанда тұратындығын мақтаныш етуге үйрету. Қазақы намысын, туған халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы, парасатты азаматтарды тәрбиелеу.

Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеу, өз елін, тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Мерекелік іс-шарамызға құрметті қонақтар, Ветеринария және зооинженерия факультетінің деканы Мусоев Асылбек Майлыбайұлы және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Дана Бектасқызы қатысып, маңызды сөз сөйледі. Сонымен қатар, Зооинженерия және биотехнология кафедрасының меңгерушісі, ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, профессор Кулатаев Бейбіт Турғанбекұлы тәуелсіз еліміздің дамуы туралы өз ойларымен бөлісті.

Мерекелік іс-шараның қорытындысы:

Салтанатты шара Отанға, елге, тілге, дәстүрге деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында өтті. Студенттер еліміздің рәміздеріне деген құрметін білдірді, қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолында талпыныс жасады. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа жетістіктері мен болашағы туралы пікірлер мен батыл идеялар ортаға ұсынылды.

Әрбіріміздің жүрегімізде Қазақстанға деген сүйіспеншілік бар, ол біздің туған жеріміз, мәдениетіміз, тарихымыз. Осыны мақтанышпен айтып, болашақ ұрпаққа жеткізу – әр азаматтың борышы.

Тәуелсіз елдің рәміздері – біздің бірлігіміз бен күшіміздің айғағы.

Ұйымдастырушылар: “Зооинженерия және биотехнология” кафедрасы.







